

3 Ерлік – елге ұран, ұрпаққа үлгі



6 Шаш сәндеп, киім тігетін жігіттер



Сыр бойы

7 мамыр, сейсенбі 2024 жыл

№70 (20744) Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



АЙБЫНДЫ АРМИЯ – ТҮТАСТЫҚ ПЕН ТЫНЫШТЫҚТЫҢ ҚАЛҚАНЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік наградалар, жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер тапсыру рәсіміне қатысты.

Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушыларды Отан қорғаушы күнімен және алда келе жатқан Жеңіс күні мерекесімен құттықтап, осы екі мейрам жауынгерлік дәстүрдің сабақтастығын паш ететінін, батыр бабаларымыздың даңқты жолын қазір өскелең ұрпақ жалғастырып келе жатқанын атап өтті.

– Бүгінде айбынды армиямыз – елдегі тұтастық пен тыныштықтың мықты қалқаны. Қуатты әскеріміз бейбітшілік пен берекелі өмірді қас қақпай күзетіп тұр. Олар қай кезде де қастерлі Отанымызды қорғауға дайын. Ерлік майданда ғана жасалмайды. Ерлікке бейбіт заманда да орын бар. Биыл біз соңғы 80 жылдағы ең жойқын тасқынға тап болдық. Елге қатер төнген сәтте сарбаздарымыз алдыңғы шептен табылды. Ұлттық ұлан, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Төтенше жағдайлар министрлігі және Мемлекеттік күзет қызметінің жеке құрамы антақ адал болудың үлгісін көрсетті. Алапат тасқынға төтеп беру үшін 9 мыңнан астам әскери қызметші жұмыла еңбек етті. Мыңнан астам техника жеткізілді. Сын сағатта халқымыздың асыл құндылықтары анық байқалады. Осы орайда Солтүстік Қазақстан облысында апатқа қарсы күрескен 300 сарбаздың еңбегін ерекше атап өткім келеді. Олар күні-түні бөген салып, қаланы қарғын судан құтқаруға атсалысты. Жергілікті тұрғындар бұл сарбаздарға айрықша риза болды, оларды зор құрметпен шығарып салды. Міне, халық пен армияның мызғымас тұтастығы дегеніміз – осы. Мұндай мысалдар аз емес, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жеңіс күнін жақындатуға атсалысқан майдангерлер мен тыл еңбеккерлеріне арқашан құрмет көрсетілетінін айтты. Осы ретте ардагерлерге мерекеге орай жыл сайын қосымша төлемдер берілетінін, ал биыл оның көлемі үш миллион теңгеге дейін өскенін жеткізді. Сонымен қатар өзінің бастамасымен биылдан бастап «Айбын» орденінің үш дәрежесі даңқты батырларымыз – Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың атымен аталатынын еске салып, ұлт перзенттерінің батылдығы мен батырлығы бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін үлгі-өнеге болатынына назар аударды.

Мемлекет басшысының айтуынша, геосаяси тұрақсыздық белен алған қазіргі жағдайда мықты әрі дайындығы сақдай сай әскердің маңызы айтарлықтай арта түсті.

– Біздің әскери қызметшілеріміз БҰҰ аясындағы түрлі бітімгерлік операцияларға қатысып, өздерінің кәсібилігі мен жоғары деңгейдегі жауынгерлік машығын көрсетіп келеді. Жуырда Қазақстан Голан жоталарындағы миссиясын дербес орындау жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының мандатына алғаш рет ие болды. Соңғы жылдары әлем елдерінің әскери қуаты туралы рейтингтегі орнымыз едәуір жақсарды. Бұл әскеріміздің дайындығы жоғары екенін әрі үйлесімді әрекет ететінін білдіреді. Қазақстан жер-жаһанға өзін бейбіт ел ретінде танытты. Біз барлық мемлекетпен достық қатынас орнаттық. Кез келген шиеленісті сындарлы диалог арқылы шешу керек деп есептейміз. Бірақ арқаны кеңге салып, қамсыз отыруға болмайды. Қуатты әскеріміз түрлі қатерге сақдай сай тұруға тиіс. Мықты әскер – елдіктің тірегі, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның айбынды армиясы кәсіби тұрғыдан білікті әрі заманға сай озық болуы үшін Қарулы Күштерімізді одан әрі нығайту жұмыстары жалғастырып жеткізді.

– Күні кеше ғана елімізде жаңа авиация базасы ашылды. Бұл – ұлттық қорғаныс жүйесінің әлеуеті арта түсті деген сөз. Біз армияның беделін көтеруге айрықша мән береміз. Отан қорғау – баршамызға ортақ парыз. Мұны, әсіресе, өскелең ұрпақ терең түсінгені абзал. Мемлекет жас сарбаздарға жан-жақты қолдау көрсетіп жатыр. Оларға арнайы білім гранттары бөліне бастады. Несиені өтеу мерзімі кейінге шегерілді. Енді армияда жүріп, нақты мамандық алуға болады. «Ер жігітке жарасар, қолындағы найзасы» деп әйгілі Бұқар жырау батырлық пен ерлікті ерекше дәріптеген. Шын мәнінде, әскер – мемлекеттің аса маңызды символы. Мен сарбаздарымыздың жауынгерлік рухы жоғары болғанын мақтан етемін, – деді Мемлекет басшысы.

Салтанатты жиында Қасым-Жомарт Тоқаев Отан қорғаушылардың еліміздегі ынтымақ пен тыныштықты сақтауға зор үлес қосып келе жатқанын атап өтіп, офицерлерге әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер тапсырды.

Бұдан бөлек, Президент әскери және қызметтік борышын атқаруда көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуге, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға қосқан үлесі үшін бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады.

ЕЛДІ ҚОРҒАУ – ЕРГЕ ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев №66597 әскери бөлімде Отан қорғаушы күніне орай өткен салтанатты рәсімге қатысып, сарбаздарды құттықтады. Мерекелік іс-шараға облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, құқық қорғау органдарының және әскери бөлімдердің басшылары мен сала ардагерлері келді.

Аймақ басшысы темірдей тәртіпке бағынып, ел іргесін, тәуелсіздік құндылықтарын қорғаған сарбаздарға ізгі тілегін жеткізді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Бұл мереке тек әскери қызметкерлер үшін ғана емес, бүкіл қоғамымыз үшін ерекше маңызға ие. Елді қорғау – әрбір азаматтың қасиетті борышы, шынайы патриотизмнің жарқын көрінісі» деген болатын. Президентіміз – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен еліміздің қорғаныс саласын дамыту, заманауи және кәсіби, қуатты әскер құру бағытында кешенді реформалар жүргізілуде.



2-бет



/// БОРЫШ

ОТАННЫҢ ҚАСИЕТІ, ТУҒАН ЖЕРДІҢ ҚАДІРІ ҚЫМБАТ

Ел қашанда ерлерге арқа сүйейді. Жігітті еліңе қорған, жұртыңа тірек бол деп тәрбиелейді. Отан қорғаушы күні қарсаңында облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменттің тәрбие-идеологиялық және әскери-патриоттық жұмыстар басқармасының бастығы – департамент бастығының орынбасары Алматы Жақыповпен әңгімелескен едік.

– Алека, Отан алдындағы борышын өтеу – әр азаматтың міндеті екені анық. Бірақ жастардың біразы әскерге баруға құлықсыз. «Шабытпен барып, табытпен келіп жатыр» деген тіркес жаттанды болып кетті. Шынында солай ма? Жастарды неге отаның деп айту қиын?

– Отанды сүю отбасынан басталады. Ата-ана баланы «тыныш жүр, қара басыңды ойла» деп тәрбиелесе, ол баланың отаншыл болуы екіталай. Баяғы әкелер баласын молда оқуына бергенде «еті – сенікі, сүйегі – менікі» дейді екен. Қазір осы тәрбие бар ма, қазіргі балалар мұғалім қатты сөйлесе де, үйіне жылап айтып барады. Артынан әке-шешесі кеспелтегі алып келіп тұрады. Бұл қылық бала психологиясын бұзады, айналып келгенде әскерден жалтарудың артында осындай біржақты тәрбие жатыр.

3-бет



Фото: Ашық дереккөзден



/// ДОДА

ОЛИМПИАДАҒА ҚЫЗЫЛОРДАДАН КІМДЕР БАРАДЫ?

Енді екі айдан астам уақыттан кейін жер-жаһандағы үздіктер Париж Олимпиадасына ағылады. Өлемнің барлық тәуелсіз елі дүбірлі додада өз саңлақтарының тілеуін тілейді. Олардың қатарында біздің еліміздің спортшылары да бар. Биыл Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде сегізінші мәрте үкілеген үздіктерін қосуға мүмкіндік алып отыр. Қуаныштысы, қазірге дейін талай спортшымыз жеңіс тұғырынан көрініп, көк туымызды биікте желбіретті. Олардың қатарында қызылордалық жастардың да болуы бізді қуантады. Сыр өңірінің саңлақтары спорттың көптеген түрінен бақ сынады. Сол жеңісті жол биыл да жалғасын тауып, алдағы дүбірлі додаға баратын үкілі үмітті жастардың қатары көбейді. Олардың жолдама алу мүмкіндігі қандай? Париж төрінде жеңіс тұғырынан көріне ала ма? Айтулы аламан жақындаған сайын көкейге осындай сауалдар келіп тіреледі.

6-бет

Валюта бағамы \$ 441,66 kzt

€ 475,14 kzt

₸ 4,86 kzt

Ауа райы +18° +27°

+20° +33°

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапарымен келген ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназаровамен кездесті.



Аймақ басшысы денсаулық сақтау саласының негізгі көрсеткіштері, өзекті мәселелері туралы айтты.

– Мемлекет басшысының, Үкіметтің тапсырмасына сәйкес біз денсаулық сақтау саласының дамуына, медицина ұйымдарының материалдық-техникалық базасының нығаюына, олардың қажетті медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуіне, тапшы кадрларды даярлауға ерекше

қоңіл бөліп келеміз. Заманауи жаңа ғимараттарды ел игілігіне табыстап, медицина қызметкерлерінің жылы да жайлы жұмыс орнында халыққа сапалы қызмет етуі үшін барлық жағдай жасалуда. Нәтиже жаман емес. Жалпы өлім-жітім көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда бір деңгейде сақталса, ана өлімі 5,7 есе, сәби өлімі 13,4%-ға төмендеді. 2023 жылдың қорытындысымен 3 негізгі медико-

демографиялық көрсеткіштің нысаналы индикаторына қол жетті. Президентіміздің, Үкіметтің Сыр өңірін ерекше қолдауының арқасында аймағымызда нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Өткен жылы республикалық және жергілікті бюджеттен 52,1 млрд теңге қаралып, 23 медициналық нысан салынды. Оның 17-нің құрылысы аяқталды. Биыл 5,5 млрд теңге қаржы бөлініп, 5 нысан құрылысы жүргізілуде, оның 2-еуі пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 11 нысан құрылысына сатып алу конкурсы жарияланды. Мердігерлер анықталғаннан кейін тездетіп құрылысты бастаймыз. Нысандар жыл соңына дейін ел игілігіне табысталды, – деді аймақ басшысы.

Сонымен қатар, облыс әкімі Қызылорда қаласы мен аудандарда салынуы тиіс бірқатар медициналық нысан құрылысына қажетті қаржы бөлу мәселесіне ықпал етуді сұрады. Мәселен, Қызылорда қаласындағы №4 және №5 қалалық емханалардың құрылысы шешімін таппай келеді. Облыстық медициналық жедел жәрдем стансасының бөлімшелеріне модульдік жедел жәрдем станциясын салу қажет.

Ақмарал Шәріпбайқызы Қызылорда облысының медицина саласындағы жетістіктерді атап өтіп, аймақ басшысы көтерген мәселелер зерттеліп, шешу жолдары қарастырылатынын жеткізді.



ЕЛДІ ҚОРҒАУ – ЕРГЕ ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТ

Бүгінде еліміздің Қарулы Күштер қатарында қызмет ету әрбір қазақстандықтың мәртебелі міндетіне, аға буынның ерлік пен жауынгерлік дәстүрлерінен бастау алған патриотизмнің үлгісіне айналды. Биыл еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі, Халық қаһарманы Сағадат Нұрмағанбетовтің және Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тіккен Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толады. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың биылғы отырысында «Айбын» орденінің түрлі дәрежесін Бауыржан Момышұлының, Сағадат Нұрмағанбетовтің және Рақымжан Қошқарбаевтың есімдерімен атау туралы бастама көтерді. Бұл – даңқты ерлерге көрсетілген құрмет, Қарулы Күштерге жүктелген сенім деп білеміз. Тәуелсіздігіміз бен тірлігімізді, тыныштығымыз бен бейбітшілігімізді

қас қақпай күзетіп, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айыбын арта берсін! – деді аймақ басшысы.

Салтанатты жиында облыс әкімі су басқан аймақтарға көмек көрсеткен сарбаздарға зор алғысын білдірді. Еске салсақ, Сыр өңірінің халқы төтенше жағдай жарияланған аймақтарға көмек көрсетуге біркісідей жұмылды. Облысымыздағы Қорғаныс министрлігінің және Ұлттық гвардияның әскери бөлімдерінен 408 адам, 134 техника Батыс Қазақстан облысына жолданды. Бүгінде сарбаздарымыз су басқан аймақтағы халықтың алғысына, ыстық ықыласына бөленіп, абыроймен оралды.

Іс-шарада Қарулы Күштердің Құрметті ардагері Мыңділда Ршауов та сөз сөйлеп, жерлестерін мерекемен құттықтады. Сондай-ақ Отан қорғаушы күніне орай және су тасқынынан зардап шеккен өңірлерде жұмыс жасаған қызметкерлер марапатталды.

1-бет

/// БРИФИНГ

БІЛІМ БӘСЕКЕСІНДЕ БИІКТІ БАҒЫНДЫРДЫ

Білім – шеті жоқ алып мұхит іспеттес. Ол жолда арманыңды адал анық табу тек білімге ден қойып, ізденістің ізіне түскен шын мықтылардың ғана қолынан келеді. Қызылордалық озық ойлылар осы тұста өздерінің нағыз білімді жастар екенін еліміздің түкпір-түкпірінде дәлелдеп жүр. Кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде республикалық «Intellecta» интеллектуалды сайыстың жеңімпазы атанған «Білім Ыбырай» қоғамдық қорының студенттері қонақ болып, жарыстан алған әсерін бөлісті.



– 27 сәуір күні Ақтөбе қаласында республикалық «Мұғалім» жобасының ұйымдастыруымен интеллектуалды сайыс өтті. Онда аймақтық кезеңде жеңімпаз атанған Алматы, Семей, Қарағанды және Ақтөбе қаласының студенттерімен бақ сынастық. Нәтижесінде бірінші орынды қанжығамызға байлап, жеңіспен оралдық. Біз өз тобымызды «Daru» деп атадық. Сайыс біз үшін үлкен тәжірибе болды. Осы арқылы қоғамдық қордағы өзге де студенттермен танысып, байланыс нығая түсті. Алдағы уақытта өтетін өзге де жарыстарға бұдан да жоғары деңгейде дайындалып, білім бәсекесінде биіктей түсеміз, – деді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті, «Білім Ыбырай» қоғамдық қорының стипендиаты Шәміл Анарбай.

Жалпы, «Intellecta» интеллектуалды сайысы 4 кезең бойынша өтті. Алғашқы кезең «Icebreaking» деп аталады. Біз мұнда ғылым, кітап, тарих, дәстүр, кино және музыка деген алты категория бойынша бақ сынадық. «Master mind» деген атау қойылған екінші кезеңде әртүрлі тақырыптағы 30 блиц-сұраққа 2 минут ішінде жауап берсең, «Exprecto patronum» бөлімінде екі химиялық, физикалық эксперимент жасайсың. Ал соңғы кезең «Vabank» деп аталады. Бұл кезеңде де сұрақтарға

мүдірмей жауап беріп, барлық кезең бойынша 4 850 ұпай жинап, жеңіске жеттік. Осылайша біз болашақ мұғалімдер арасында өткізілген байқаудың алғашқы жеңімпаздары атандық, – деді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті, «Білім Ыбырай» қоғамдық қорының стипендиаты Мадияр Дүзімбауұлы.

– «Білім Ыбырай» қоғамдық қоры республикалық «Мұғалім» деген жоба аясында жүзеге асады, яғни, бұл жобаның мақсаты – педагогикалық бағытта білім алатын студенттерге қосымша қолдау көрсетіп, мектеп бітіруші үздік түлектерді мұғалім болуға үйрету. Білімге құштар жастардың жолын ашып, оларға үздіксіз қолдау көрсетуде аталған қоғамдық қордың маңызы зор. Біз студенттерді «Кәсіби даму», «Тұлғалық даму», «Әлеуметтік даму» және «Тіл білімі» деп аталатын 4 бағыт бойынша дамытамыз. Қазіргі таңда қорда 108 студент бар. Олардың 70-ке жуығы 30 мың теңге көлемінде қосымша шәкіртқақы алады. Ал бұл интеллектуалды сайыс біздің алғашқы жеңісіміз емес. Шәкіртеріміз қандай жарысқа қатысса да, үнемі жеңіспен оралады, – деді «Білім Ыбырай» қоғамдық қорының үйлестірушісі Азамат Әбимолда.

«СБ» ақпарат

/// ЖЕҢІС – 79

ҒАСЫР ЖАСАҒАН МАЙДАНҒЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданына арнайы барып, Ұлы Отан соғысының ардагері Яхия Тасыровты Жеңіс күнімен құттықтады. Майдангердің үйіне облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ерәлиев те барды.

Германияға кірген. 1945 жылы тамыздың аяғында елге оралған.

Бейбіт өмірге араласқаннан кейін аудан орталығындағы сүт зауытында қойма менгерушісі болып 16 жыл жұмыс жасаған. 1960 жылы Жалағаштың сүт зауытында мастер, 1982 жылы аудан орталығындағы астық қабылдау пунктінде жұмыс жасап зейнеткерлікке шыққан.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен, «І-ІІ дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Ұлы Жеңістің 40-50-60 жылдығы» медальдарымен марапатталған. Бүгінгі күні 3 ұл, 1 қыздан 15 немере сүйген қазыналы қарт.

Облыс әкімі ардақты ақсақалға ізгі

тілегін жеткізіп, сыйлық табыстады. Егемен еліміздің жас ұрпағына патриоттық тәрбие берудегі ардагерлердің зор үлесін атап өтті.

Айта кетейік, Жеңістің 79 жылдығына облыста арнайы іс-шаралар жоспары бекітілді. Онда мерекелік құттықтаулар, қайырымдылық, әлеуметтік-тұрмыстық көмек көрсету шаралары қамтылған. Бүгінде аймағымызда Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген 3948 ардагер бар. Мереке қарсаңында бюджеттен біржолғы әлеуметтік қолдау көрсетілетін. Облыстағы Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне 2 млн 500 мың теңгеден біржолғы әлеуметтік көмек төленеді.

КОММУНАЛДЫҚ МЕКЕМЕЛЕР ҮЗДІКСІЗ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУІ КЕРЕК

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қызылорда қаласындағы бірқатар маңызды мәселе талқыланған мәжіліс өтті.

– Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен «Таза Қазақстан» республикалық акциясы өтуде. Акция аясында қала тазалығы мен абаттандыру жұмыстарын қарқынды жүргізу қажет. Бүгінде қоғамда жиі көтерілетін мәселелердің бірі – ауызу сапасы. Осы түйткілерді шешіп, уақытылы су берілуін қадағалаңыздар. Коммуналдық қызметтер үздіксіз жұмыс жасауы керек. Жылу маусымына дайындық та назардан тыс қалмасын. Осы кезден бастап жұмысты бақылауға алыңыздар. Тұрғындардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында барлық электр трансформаторларының жабық болуын қамтамасыз етуді тапсырамын, – деді аймақ басшысы.

Сонымен қатар мереке күндері жұмыс істейтін коммуналдық мекемелердің қызметкерлеріне сыйақы беру мәселесін қарастыруды жүктелді.

Айта кетейік, Сыр өңірінде жол инфрақұрылымын, көлік қатынасын дамыту саласында ауқымды жобалар қолға алынуда. Оның ішінде аймақ тұрғындарының сұранысына орай авто және теміржол үстінен өтетін көпір өткелдері құрылысы қарқын алған. Өткен жылы республикалық және облыстық бюджет есебінен 5,7 млрд теңгеге «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» автодәлізі бойындағы жол айырығына салынған жаңа көпір пайдалануға берілді. Сонымен қатар 1 млрд теңгеге жуық қаржыға Қызылорда қаласының «Белкөл» кенті мен Яссауи көшесі тұсында, Жалағаш ауданы орталығында теміржол үстінен өтетін жауу жүргіншілер көпірі ел игілігіне табысталды. Арал ауданында 3,1 млрд теңгеге автожол көпірінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Қаланың «Шанхай» шағын ауданы тұрғындарының көптен бері көтерген мәселесі де оң шешімін тапты.

Қазір облыс орталығында абаттандыру бойынша 213 жоба жүзеге асуда, оған 12,7 млрд теңге жұмсалмақ. Сондай-ақ 160 көше 31,7 млрд теңгеге жөнделеді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласының кейбір аудандарында жарықтың өшуіне байланысты шұғыл жиын өткізді.

ЖАРЫҚ ЖЕЛІСІНДЕГІ АҚАУ НЕДЕН ШЫҚТЫ?

Демалыс күндері толассыз жауған жауын мен қолайсыз ауа райы салдарынан облыс орталығының кейбір аудандарында жарық сөніп қалған. Жиында қала әкімі мен орынбасарларына, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы мен «Қызылорда электр тарату компаниясы» АҚ басшылығына ақауларды шұғыл қалпына келтіру жөнінде тапсырма берілді.

– Демалыс күндері тұрғындар мұндай қолайсыздықтарды сезінбеуі керек. Жұртшылық жарық, су, газды әсіресе, осы күндері белсенді тұтынатын болғандықтан, жарықтың өшкені қаншама жұмысқа қолбайлау болуда. 109 қызметіне түскен хабарламалар бойынша апатты жою қызметі тез арада тиісті іс-қимылға көшіп, барлығын қалпына келтіруі керек. Екі сағаттың ішінде ақауларды жөндеңіздер, – деді аймақ басшысы.

Жиында сала басшыларының ақауды қалпына келтірудегі әрекетсіздігіне сын айтылды. «Қызылорда электр тарату компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Б.Қарақозовке, пайдалану жөніндегі орынбасары-бас инженер Ш.Рахымшевқа, қалалық электр тораптары басқармасының директоры Е.Каленовке қатаң сөгіс берілді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ЕРЛІК – ЕЛГЕ ҰРАН, ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

ТӨЛЕГЕН ЖҮНИСОВ

Төлеген Жүнісов 1921 жылы Тереңөзек ауданы «Жаңарық» ауылында дүниеге келген. 1942 жылы Қызыл әскер қатарына қабылданып, кіші командирлер дайындайтын курста білім алады, 688-атқыштар полкінде ұрыста болған. Украинаны жаудан азат ету жолында ерліктің ерекше үлгісін көрсетеді. Берлинге дейін жеткен майдангер жеңістен кейін елге қайтарылмай сонда қалып, қала маңында патрульдік қызмет атқарады. 1946 жылы елге оралған соң өз ауылында бейбіт еңбекке араласады. Теміржол саласында жолмонтері болады. Тозығы жеткен шпалдарды ауыстыру, төсеу, шегендеп қағып, бекіту секілді жұмыстармен айналысады. 1983 жылы

зейнет демалысына шыққанға дейін Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясында еңбек етеді.

Фашистерге қарсы күрестегі жауынгерлік ерлігі үшін майдангер «I дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордені, «Германияны жеңгені үшін», «За боевые заслуги», «За отвагу», «КСРО Қарулы күштеріне – 60 жыл», «КСРО Қарулы күштеріне – 70 жыл» және бейбіт күндерде «Еңбек ардагері», «Астанаға – 10 жыл» медальдарымен марапатталған.



ОТАННЫҢ ҚАСИЕТІ, ТУҒАН ЖЕРДІҢ ҚАДІРІ ҚЫМБАТ

Әрине, әскер қатарында әртүрлі жайт кездеседі, бірақ ол әскерде ғана ма, қарапайым өмірде де кездейсоқ бақытсыздықтар бар. Оқыс оқиғалар тек әскер қатарында орын алып жатқандай көрінеді. Әлеуметтік желі қолданушылары үш-төрт жыл бұрын өтіп кеткен жағдайлардың бейнежазбасын қайталап сала береді. Сөйтіп әскер жайлы көпшілікке теріс әсер таратады.

Осыдан екі жыл бұрын Қазалыдан Мәтігул деген жас жігіт әскер қатарына шақырылды. Ол өзі мал бағудан басқа ештеңе көрмеген, ой көкжиегі алысқа жетпейтін бала болған. Осыны кейбіреулер «әскерге ақыл-есі кем азаматты алып жатыр» деп, қоғамды алаңдайтын бұлдіргісі келді. Бейнежазбаға түсіріп жариялады. Біз соны ескеріп, министрліктің келісімін алып, баланы әскери міндетін жергілікті жерде өтеуге қалдырдық.

Сол бала әскерде жүріп шырығып, шынығып, сымдай тартылып шықты. Өз арасында үлгілі сарбаз атанды. Тіпті ол келісім-шарт бойынша әскери қызметке қалғысы келді. Алайда ауылындағылар алып кетті.

– Қызық жағдай екен. Ал енді сондай негізсіз ақпараттарды жоққа шығару үшін өз тараптарыңыздан қандай жұмыстар жүргізіледі?

– Қызылорда қаласындағы «Жастар орталығында» «Жас сарбаз» республикалық қоғамдық бірлестігі жұмыс істейді. Жас сарбаздар Жеңіс мерекесінде, салтанатты шерулерде сап түзеп, өздерінің болашақ ел қорғаны екенін сезінді. Олардың арасында әскери-патриоттық әнгімелер айтылып, отаншылдық насихатталады. Мектептердің жоғары сыныптарында «Ерлік сабақтары» өткізіледі. Біз Ауған соғысы, Тәжік-ауған соғысы, Таулы Карабақ соғысы ардагерлерімен, Германияда борышын өтеген кеңес әскерлері тобы мүшелерімен кездесулер ұйымдастырамыз. Бұл кездесулер жастарды отаншылдыққа тәрбиелеп, ерлік сезімге баулиды.

Әскерге шақыру маусымдарында болашақ сарбаздар медициналық тексеруден өтіп, команда тағайындалғанша жиын пунктінде екі-үш тәулік жатады. Осы кезде оларға елін, жерін қорғаған ұлт батырлары, халық қаһармандары туралы фильмдер көрсетіледі. Сонан соң әскерге шығарып салу рәсімі жасалады. Ондай шаралар қаладағы «Тағзым» алаңында, батырлар ескерткіші жанында, басқа да арнайы орындарда салтанатты түрде өткізіледі.

Әскерден оралған сарбаздарды қарсы алу рәсімін де ұмытқан емеспіз. Өйткені, жерлес азаматтардың қай күні, қай жерден келетіні бізге белгілі.

Жақында әскери теңіз флоты қатарында борышын өтеген бес-алты жерлесімізді Қызылорда теміржол вокзалынан қарсы алуды ұйымдастырдық. Бауырлары мен достарының гүл шоқтарымен күтіп алып, құшақтасып табысқан сәттері соншалықты әсерлі. Осы бір көріністің өзі жастарға әскер сапында болудың құрметін көрсетеді.

Әскери оқу орындарында білім алып жатқан азаматтарымыз да бар. Олардың демалысқа келетін сәтін пайдаланып, өздері оқыған мектепке алып барамыз. Сол кезде жасөспірімдер кеше ғана мектеп бітірген түлектің батыр тұлғалы азамат болғанын көріп, сөзін тыңдап, әскери-әлеуметтік жағдайына көз жеткізіп, солардай болсам деп құштарланады.

– Әскери-әлеуметтік жағдай туралы айтып қалдыңыз. Осыны нақтылап өтсек...

– Екі жыл бұрын Білім министрлігі мен Қорғаныс министрлігі жастардың әскери қызметке ынтысын арттыру мақсатында арнайы жобаны іске асырды.

Мерзімді әскери қызметін аяқтаған әрбір азамат екі жыл ішінде ҰБТ тапсырмай-ақ, өңгімелесу арқылы ақылы негізде жоғары оқу орнына түсе алады. Ал әскери міндетін өтеу барысында жақсы нәтиже көрсеткендер ЖОО есебінен тегін білім алады. Мұндай қадамға еліміздің 40-тан астам оқу орны ниет білдіріп отыр. Бұған анық көз жеткізу үшін Қорғаныс министрлігінің ресми сайтына қарау керек.

Әскери қызметтегі жастарға жасалған әлеуметтік жағдай тіпті жақсы. Егер әскери қызметші пәтер жалдап



тұратын болса, оның пәтерқысымен жұмыс орны арқылы есептесу мүмкіндігі бар. Ал ипотекаға үй алса, ол мемлекет есебінен төленеді.

– Биыл сарбаздар сапына қанша азамат қосылды? Әскерге өзі сұранып кететіндер бар ма?

– ҚР Қарулы күштері қатарына жөнелту осы жылдың 26 наурыз бен 15 мамыр аралығында жүргізілді.

Әскер қатарына алу үшін 850 адамға тапсырыс болған еді. Соның ішінде Ұлттық шекара қызметіне түскен тапсырыс 100 пайыз орындалды. Қалған тапсырыстардың аясында шақырылғандардың денсаулығына байланысты, Қорғаныс істері жөніндегі басқарма мен бөлімдер тарапынан әскерге шақырушылардың келуіне орай орын алған проблемалар да бар. Ол орындар алдағы кезеңде толығымен шешілетін.

Ендігі жөнелту жұмыстары 22 мамыр мен 30 маусым аралығында өтеді.

Бағана әңгіме қылған теріс бұрушылардың сөзі соншалықты жол байлап жатқан жоқ. Ешкім де ақиқатты алақанмен бүркей алмайды.

Әскерге өздері сұранатындар жетеді. Жақында қызылордалық егіз бала – Әлкеновтер әскерге өз сұраулары бойынша аттанды. Мұндай мысал көп.

Бір ғана нәрсені баса айтуға болады. Бүгінде әкесі соғыста болған адамдардың өзі сирек. Олар – Отан қорғаудың қандай қымбат борыш екенін жанымен түсінген ұрпақ. Қазір облыс көлемінде Отан соғысының 4 қана ардагері қалыпты. Жастарға олардың ерлік сөзін тыңдату мүмкіндігі аз. Сондықтан ата-аналар балаларына Отанның қасиетін, туған жердің қадірін үнемі айтып отыруы тиіс. Ата-ана сөзі – бала үшін бұлжымас ақиқат. Сондықтан отбасылық тәрбиені мықты болса екен деймін.

– Аяққа, әскери қызметке жүрісіз. Жастардың тәрбиесі сіз. Қуімі таза, жүрісі нық, тұлғасы түзу әскери адам қолденең көзді қызықтырмай қоймайды. «Мен де осындай болсам» дейтін жастарға өзіңізді жақынырақ таныстыра кетсек... Оларға тілегіңіз бар ма?

– Мен мектеп бітірген соң Қызылорда мемлекеттік университетінен алғашқы әскери дайындық және денешынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығын алып шықтым.

2005 жылға дейін мектептерде мамандығым бойынша жұмыс істедім. Мұнан соң ҚР Қорғаныс министрінің бұйрығы негізінде Алматы облысының қазіргі Қонаев қаласында орналасқан десанттық шабуылдаушы әскерлеріне қарасты әскери бөлімде зениттік-зымырандық взвод командирі болып қызмет еттім.

Бүгінде Қызылордада осы қызметімді атқарып отырмын. Әскери шенім – подполковник. Төрт перценттің әкесімін.

Жастарға айтарым, біздің осындай байтақ жеріміз бен рухани құндылықтарымызды аманаттап қалдырған аталарымыз жауға шапқанда сіздер секілді жас болған. Мысалы, Ақан Сатаевтың «Жаужүрек мың бала» фильмін көрген шығарсыздар.

Өмірде бақытты, қуатты болу үшін ең бірінші жаныңды байыту керек. Білімге бүгіліп, еңбекке еңкейсең, өз еліңді сүйсең, саған басқа қажеттілік өзі келе бастайды. Осыны түсінсең болды.

– Әңгімеңіз үшін рақмет. Елге жасаған қызметіңіз еселеніп қайтысың, абыройлы болыңыз!

Өңгімелескен Дүйсенбек АЙШУЛЫ, «Сыр бойы»



ЯХИЯ ТАСЫРОВ

Яхия Тасыров 1922 жылдың 2 қазанында Тереңөзек ауданының бұрынғы «Ақ түйе» ауылында дүниеге келген.

Ташкентте текстиль оқуын оқып, 1940 жылы текстиль фабрикасына шебердің көмекшісі болып жұмысқа орналасады. 1941 жылдың аяғында Ташкент облысы Фрунзе аудандық әскери комиссариатынан әскерге алынған. Сібірде, Омбы қаласында алғашқы әскери дайындықтан өтіп, 1942 жылдың қазанында майданға жіберілген. Сталинградты, Курскті, Польшаны жаудан қорғаған. Гданьск жерінде портта аяғынан

ауыр жараланған. 1944 жылы шекарадан Германияға кірген. 1945 жылы тамыздың аяғында елге оралған.

Бейбіт өмірге араласқаннан кейін аудан орталығындағы сүт зауытында қойма менгерушісі болып 16 жыл жұмыс жасаған. 1960 жылы Жалағаштың сүт зауытында мастер, 1982 жылы аудан орталығындағы астық қабылдау пунктінде жұмыс жасап, зейнетке шыққан.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен, «I-II дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Ұлы Жеңістің 40-50-60 жылдығы» медальдарымен марапатталған.

ТІЛЕУБЕРГЕН ТОБАБЕРГЕНОВ

Тілеуберген Тобаберген 1924 жылдың 1 қаңтарында Қазалы ауданы «Басықара» елді мекенінде дүниеге келген. 1942 жылы қаңтар айында Қызыл әскер қатарына шақырылған. Ол неміс басқыншыларынан Беларусьті, Польшаны, Чехословакияны, Калининград қаласын азат етуге қатысқан. Жеңісті Берлин қаласында қарсы алып, елге 1947 жылы оралған. 1948 жылдан бастап теміржол станциясында 1982 жылы зейнетке шыққанға дейін қызмет атқарған. Бүгінгі күні 7 баладан 31 немере, 16 шөбере сүйіп отыр.



ӘБДІРАХМАН БӘЙТІКОВ

Әбдірахман Бәйтіков 1924 жылы 27 қарашада Қызылорда қаласында дүниеге келген.

1942 жылы Ашхабад қаласында командирлер дайындайтын курсқа оқуға түсіп, аяқтамастан майданға аттанған. 1943 жылы Курск доғасында ауыр жаракат алып, II топ мүгедегі болып, 1944 жылы 20 жасында елге оралған.

ҰОС жылдарындағы көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының маршалы Г.Жуковтың II дәрежелі медалімен, «Қарулы күштердің 50 жылдығы» орденімен, Жеңіске 20, 30, 40, 55, 65, 70, 75 жыл, т.б. медальдармен марапатталды.

1944 жылы соғыстан оралған соң «Кооператор» (кейінгі атауы «Комсомол») колхозының қой шаруашылығында учетчик, есепші және зейнет жасына дейін бригадир болып жұмыс атқарған.



7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІ ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНДЕ ШЫҢДАЛҒАН

Ұшқан құстың қанаты талатын ұлан-байтақ даламызды қорғау – үлкен жауапкершілік. «Ер – елінің қорғаны, ел – ерінің панасы» деген даналық сөз осындайда айтылса керек-ті. Шекарашының басты міндеті – ел шебін күзету. Ол сақ болса, елдің ұйқысы тыныш, күлкісі жарқын. Ал оны күзету Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметіне сеніп тапсырылған.

Осы салада ерлермен тең еңбек етіп келе жатқан қыздар жетерлік. Соның бірі – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті шекара қызметі облыс бойынша департаментінің медициналық қамтамасыз ету тобының медбикесі, аға сержант Нұргүл Алпамысова.

Ол шекара шебінде 20 жылдан бері абыройлы еңбек етіп жүр. – Біздің жұмыстың жауапкершілігі жоғары. Жасыратыны жоқ, ел шекарасы аумағын бұзып немесе жасырын түрде зат алып өтпек болған талай заңбұзушылықтың жолы кесілді. Ол шекарашылардың қырағылғының арқасы екенін мақтанышпен айта аламыз. Әр азаматтың денсаулығын мұқият тексеріп, қадағалау маған міндеттелген. Отан қорғаушылармен қатар еңбек ету – зор абырой.

Мемлекеттік шекара дегеніміз – ел аумағының шегін, құрлығын, суын, жер қойнауын және әуе кеңістігін айқындайтын сызық. Бүгінде шекара мәселесі біржола оң жолға қойылды, яғни ел аумағы түгелімен бекітіліп, барлық ендіктері бойынша күзетіледі. Әрбір азамат туған Отанына қамқор бола білсе, перзенттік парызының өтелгені. Ұлт үшін ту түбінен табылатын табанды перзент тәрбиелеу – әр ата-ананың парызы, – дейді аға сержант өз сөзінде.

Бүгінде мемлекеттік шекарамызды толық белгілеп алдық. Қазақстан өзі шектесетін Ресей, Қытай, Өзбекстан, Түркіменстан және Қырғызстан мемлекеттерімен шекара мәселесін біржола шешіп, халықаралық құжаттармен бекітті. Бұл – еліміздің сыртқы

саясаттағы үлкен табысы. Біз барлық көріштерімізбен орныққан, өзара ынтымақтастық пен адал әріптестікті тұрақты түрде дамытып келеміз.

Туған жерін сүймейтін адам жоқ және әркім қолынан келгенше қызмет еткісі келеді. Ал байтақ еліміздің байрағын биік ұстап, еліміз бен жерімізді сұқ көз, сұғанақ қолдан сақтайтын шекарашы сарбаздар.

Тарихтің тарқатсақ, еліміз өз алдына дербес мемлекет атанған соң Шекара қызметі құрылды. Мемлекеттік шекара күзетін заң талаптары аясында жүзеге асыру ісі бірізділікке жүйеленді. Біздің кейіпкеріміздің бала арманы ақиқатқа айналған. Айтуынша, әскери салаға бала күнгі қызығушылығымен келген.

Тәуелсіздігіміздің басты нышандары Елтаңба, Әнұран, Ту секілді рәміздерімізбен қатар айтылатын қастерлі мемлекеттік шекарамыздың қорғанысы осындай мамандардың арқасында нығая бермек.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

Қаратаудағы құлпытас



Жаңақорған ауданының «Жайылма» ауылдық округіне қарасты Қаратаудың ішінде Айымбет ата Құдабайұлының мазарына жаңартылып құлпытас орнатылды. Бастама қалай болды? Әлі есімде, 2022 жылдың 7 қазаны күні өйгілі Сайид Бұрханиддин Қылышты ата басында үлкен ас берілді. Содан шыққан соң қасымдағы Ержан Исаханов, Біржан Ибрагимов, Арыстан Амангелдіұлы есімді достарыма мына Қаратаудың ішін жағалауымыз қажет, онда Айымбет әулие бабамыз жатыр. Есті ұрпақтың қамын жасайық, уақыт зымырап өтіп жатыр, әлі қандай заман болады, кітапта бар деректің ізімен аралап көрелік деп қолқа салдым. Ертесіне арнайы сол бағытқа жолға шықтық.

Белгілі шежіреші, жазушы Шайдарбек Әшімұлының «Сыр гүлмалары» атымен жарық көрген кітапты басшылыққа алып, онда жазылған тың мағлұматтар ізімен «Жайылма» ауылына бардық. Сондағы ел-жұрттан сұрастырып, осы өңірдің жер-су, тарихын жақсы білетін Бокеевтер отбасына ат басын тіредік. Асылжан Төлешұлы ағамыз сауапты іске болысып, мазарға апаруға келісті. Содан Қаратауға тарттық. Тау етегіндегі су қоймасынан 20 шақырым жүрдік. Небір асу, шатқалдардан өтіп, Шатырабат өзенін өрлей Кендім деген таудың жотасында тау тастарынан өрліген, бүгінде күмбез болғандай ескі мазарға келіп тоқтадық.

Өмірінің соңында өзінің өсиетіне сәйкес, туған жеріне, бабаларымыз жатқан киелі жерге – Тотықұс аралына, бабасы Сайид Бұрханиддин Қылышты ата қорымына апарып жерлеуді аманат еткен болса керек.

Сол Қарсақбайдан сүйегін әкеле жатып Сарысу өзенінен аман-есен өткізіп, Қаратаудың ішінде, жоғарғы жағында Кендім тауының маңында жерлеген. Баласы Сыздық Сырға қарай төмен жаққа жеткізуге қыстың күні қардың, судың қалың болуына байланысты Шатырабат өзенінен алып өту мүмкін болмай, әулиенің сүйегін аманат деп қалдырған көрінеді.

Әулиенің үлкен ұлы Әлқожа 33 жасында өмірден өткен. Оның тарихи тұлғасына қарап, әкесі Айымбеттің де тәрбиесінің тегін болмағанын білу қиын емес. Өте алғыр, орысша сауатты, зерек болған ол Перовск губернаторының хатшысы (писарь) болған. Әлқожаның алғырлығы туралы әңгімелерді осы әулеттің үлкен қызы Үміш апамыз кешегі 2005 жылдары айтып отырушы еді, сол әңгімені мен де өз құлағыммен естідім.

Өз кезегінде Әлқожаның ұлы Әбілбашар (ел аузында – Башар) Жаңақорған ауданының «Миялы» ауылдық округін (кейінірек КОКП-ның 23-сyezі атындағы көңешар, қазіргі Қожакент ауылын) құру кезінде тұңғыш басқарма бастығы болғаны ұмытылып барады.

Әлқожаның немере інісі Сыздықұлы Әбдінаби кейін сол қызметті атқарған, яғни, Айымбет әулиенің немерелері де ел мүддесіне қызмет етіп, ата жолын жалғастырып, туған жерінің өркендеуіне үлес қосқан жандар болған. Шөберелері де түгел жоғары білім алып, әр салада елге танымды.

Айымбет әулиенің шөпшегі Әлқожаев Қыдырбек Қорғанбекұлы ғылымға үлес қосып, «Абай эстетикасы және Ислам» деген тақырыпта кандидаттық еңбек жазып, қорғаған болатын. Ғылыми жетекшісі қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбай болды. 2007 жылы осы ғылыми еңбегі кітап болып жарыққа шықты. Кейін осы кітабын қолыма алып зерттеп қарасам, қасиетті Құранның 16-сүресуден 21 аят, көптеген халис келтірілген.

2022 жылдың жазында «Кенжебек, биыл күзде ауылда Сайид Бұрханиддин Қылышты ата басында ас берелі, сен зейнетке шығып жатырсың, қолың босайды, барып қатыс, мен жұмыстан шыға алмаспын, сол сапарында кітапта жазылғандай сипаттармен арнайы іздеп Айымбет атамның басына бар, алдағы уақытта құлпытас орнатуымыз қажет» делі. Үлкен шаңырақта бұрыннан келе жатқан қолжазбаларды төте жазудан аударту қажет, осы Әлқожа бидің немесе Айымбет атының сөздері, шығармасы, тәфсірі болуы мүмкін деп, үлкен идеялар айтып танысқан еді. Марқұмның соңғы қамқорлық ниеті екенін білмедік, сол жаздың соңында кенеттен бақилық болды. Ағамның аманатын орындағандай болып, мен де иығымнан қара тас түскендей жеңілдеп қалдым.

Қыдырбек ағамның тағы бір өшпес еңбегі қалды, 2022 жылы «Абай дүниетанымы және қазақ руханияты» ғылыми-зерттеу еңбегі кітап болып басылып, ел назарына ұсынылды.

Мамыр мерекесі қарсаңында әулиенің басында одан тараған ұрпақтары Астана, Алматы, Қызылорда, Шымкент қалаларынан және Жаңақорған ауданынан түгел жиналып, арнайы ас беріліп, Құран бағышталды.

Балалардың ел есінде сақталған қасиеттерін, тектілік пен имандылықты өз қолымен жаңғыртып жазған Шайдарбек Әшімұлы мен туған жер тарихын терең білетін Асылжан Бокеевке құрмет көрсетілді.

Ата жолымен өмірі елге өнеге болған аға ұрпақтың аманаты мен елге жасаған ізгі істері жайында ғылым докторы, профессор Әбиев Сардарбек Әбиұлы ағамыз тереңнен сөз қозғап, жастарға жақсылық тілеп, батасын берді.

Қаншама басырлар өтсе де әулие бабалардың батасымен көгеріп келе жатқан халқымыздың бейбіт заманда өмір сүруі де – Алла тағаланың үлкен нығметі. Сол игілікті қолдан шығармай ұстап қалу қазіргі ұрпақтың бағдары болып қала бермек.

Кенжебек ӘЛҚОЖАЕВ,
Әділет полковнигі,
Астана қаласы

Бәрі де аяқастынан басталды. Балтабектің мол жайылған дастарқанынан ішіп-жеп тоғайған соң, екеуі теледидардан Ресей жаңалықтарын тамашалауға кірісті. Кенет жұмсақ диванның үстінде отырған Арман орнынан ұшып тұрып «Нұртай! Нұртай Баспаков!» деп айқайлап жіберді. Сілтідей тынған үй-іші аң-таң. Экранда алыстағы Лесосибирск қаласындағы табиғат қорғау мекемесінің аға орманшысы сөйлеп тұр еді. Бұл кезде Арманның көз алдынан Сібір орманының төріндегі Нұртайдың үйі, Ертай ақсақал, Яшқа шапыраш, көп жыл бұрын болған оқиғалар тізбектеліп өтіп жатты.

Кеңес өкіметінің дәуірлеп тұрған шағы. Іргелі шаруашылықтың құрылыс шебері болып істейтін Арман совхоз директорының бұйрығымен

шал төртеуін бауырындай аймалап, үйіне бастады. Қарттың есімі – Ертай, Сырдарияның жағасын мекендеген Қызылорданың қыпшағы болып шықты. Дәу жігіт шалдың жалғыз ұлы, әскери борышын Ауғанстанда өтеген, самбодан спорт шебері екен. Қарияның Бектұр атты немересін көрші-қолан Виктор деп кетіпті.

Ертай ақсақал қонақтарына екі бөлмелі сарайын босатып беріп, сонда орналастырды. Өзі елдің жайын сұрап, ертелі-кеш бұлардың жанынан шықпайтын. Күніне қаз-үйрек, тауығын сойып астырып, жұмыртқасын қуыртып ас-судан кенде қылмады. Бейтаныс жанның мұншалықты қамқорлығына төртеуі қаралай қысылатын. Бірде Саматтың «базарлығымыз» деп, келіні Наташаға ақша ұсынғанын байқаған Ертай қария

Байқоңыр қаласындағы досы Балтабектің үйіне қыдырып барған Арманның жан дүниесі өлем-жөлем. Алуан ойлар шырмауында таңды ұйқысыз атырды. Көз алдынан ит тұмсығы батпас қалың орман, әр саусағы теректің бұтағындай алпамса денелі қара шал кетпей қойды.

САҒЫНЫШТАН САРҒАЙҒАН СІБІР

Сібір өлкесіне іссапарға жіберілген еді. Міндет – ондағы ағаш дайындау мекемелерімен келісіп, ауданға құрылыс материалдарын жөнелтіп тұру.

Бұлар төртеу еді. Топ басышы Самат орта жастағы еліпдідеген адам болса, Нұртай, Айбар – өзімен қарайлас өңірдегі жастар. Ақтөбеден алып ұшаққа отырған бұлар Новосібирск қаласына бірер күн аялдады. Мұнан кейін жүрдек пойызбен бір жарым тәулік жүріп Лесосибирск қалашығына жетті. Орталықтағы қонақүйге келіп бөлме сұраған-ды. Жирен шашын шолтита күзеген семіз келішшек «орын жоқ» деді қатқыл үнмен. Салы суға кеткен бұлар бірінші қабаттағы мейрамханаға бұрылған. Іште адам қарасы мол екен. Данғаза әуенге ілесе жұлқына билеген қауым ешнәрсені елер емес. Шеттегі үстелге жайғасқан бұлар даяшы әкелген боршты құлықсыз ұрттап қойып, әңгімеге кірісті.

Талай жолсапарда жүріп, небір оқиғаларды басынан өткізген Самат қонақүйге қалай да орналасу қажеттігін айтып отыр. Көрші үстелдегі ұзын жігіт пен жас қыз шала мас. Ашаң денелі, шашы жалбыраған шапыраш көзді жігіт жан-жағына сүзіле қарап, тістеніп отыр. Бір сәт түтін бұдақтаған шылбымын бұлғаға қарай шыра шерткен ол Саматқа ашықтан ашық тиісе бастады. Арашаға ұмтылған Нұртайды басып ұрып, мұрттай ұшыраған бұзақы Арманның соққысынан бүк түсті. Орнынан сүйретіліп зорға тұрған әлгі жігіт бұларды балағаттаған күйі сыртқа қарай жүргізген.

Самат қалтыраған дауыспен: – Айналайындар-ай, қойсандаршы. Түлей тайғада бәрімізді бауыздап кетер. Бала-шағаға аман-есен жетсек, – дейді қыламысырап.

Осы мезетте үлкен залдың әшекейлі есігі айқара ашылып, оннен сом тұлғалы төрт-бес адам кіріп келді. Топтың алдындағы жігіттің ірілігі соншалықты, бойшаң саналатын Арман оның жанында кішкене баладай көрінген. Жігіттің салмағынан қара жер теңселгендей. Шайқала басқан кейпі тым айбарлы. Дәудің темірдей бұлшық еті, шойындай жұдырығына көзі түскенде бұлардың зәре-құты қалмады.

Іле-шала Саматтың: – Арман, Нұртай, Нұртай өлдік! – деген даусы құлақты жарып өтті.

Дәу кілт тоқтады. Өңін таңданыс билеген күйі шала қазақшалап Саматқа:

– Сен, ким? – дегені.

Оның үнінен жақын тартқан сезім байқалды. Жанарынан жасы сорағалаған Самат:

– Айналайын-ай! Біз – қазақпыз, қазақтармыз. Алматы. Қызылорда, – деп асып-сасып, бір-біріне байланыссыз сөздерді шұбырта жөнелді. Мәссаған...

– Мен – қазақ. Қызылорда! – деп күлген дәу добадай саусағымен өзінің кеудесін түртті. Бұлар бейнебір түс көріп тұрғандай күй кешті.

– Давай, Қолян. Их убит мало! Зарежу! – деп ұмтыла берген китарды дәу желкесінен ұстап, тік көтерген қалпы бұрышқа қарай лақтырып жіберді. Мұны көрген қалған серіктері қасқыр көрген қойша үркіп, безіп кетті.

Бар білетін қазақшасы таусылған дәу енді орысшаға көшті. Аз-кем тілдескеннен кейін ол бәрін үйіне қонаққа шақырды. Бұлар үнсіз келіскен. Тайғада жиі кездесетін жалғыз аяқ жолмен тізбектеле ұзақ жүріп, шағын үйдің жанына тоқтады. Сібірліктердің дәстүрінен шеге қағылмай, бөренеден киноластырып қарағайдан салынған үйдің ауласында зор денелі, қалың сақал-мұрты кең кеудесін жапқан қара шал тұр.

Өздеріне қарай сүріне-қабына асыға беттеген қария Саматтың:

– Ассалаумағалейкум, ақсақал, – деген сөзін естігенде сылқ етіп жерге отыра кетіп, жылап жіберді.

Сәлден соң өзіне-өзі келген қара

қатты ашуланды. Бұлар елге қайтар алдында шал меймандарына ақтарыла сырын шертті.

– Мен Сырдарияның жағасында туып-өстім, – деп бастады Ертай ақсақал әңгімесін. – Өкем Баспақ жауырыны жерге тимеген палуан болатын. Біз бір кіндіктен тараған екі ұл едік. Мен сегізге толғанда анам, жыл өте өкем дүниеден озды. Бір шаңырақта ағам Нұртай екеуіміз көзіміз жауандап қала бердік. Өзімен жеті жас үлкен Нұртайды мен «өке» дейтінмін. Көкем мені тұмсықтыға шоқытпай, қанаттыға қақтырмай ержеткізді. Есімізді енді жиі мейрамханаға бұрылған. Іште адам қарасы мол екен. Данғаза әуенге ілесе жұлқына билеген қауым ешнәрсені елер емес. Шеттегі үстелге жайғасқан бұлар даяшы әкелген боршты құлықсыз ұрттап қойып, әңгімеге кірісті.

Талай жолсапарда жүріп, небір оқиғаларды басынан өткізген Самат қонақүйге қалай да орналасу қажеттігін айтып отыр. Көрші үстелдегі ұзын жігіт пен жас қыз шала мас. Ашаң денелі, шашы жалбыраған шапыраш көзді жігіт жан-жағына сүзіле қарап, тістеніп отыр. Бір сәт түтін бұдақтаған шылбымын бұлғаға қарай шыра шерткен ол Саматқа ашықтан ашық тиісе бастады. Арашаға ұмтылған Нұртайды басып ұрып, мұрттай ұшыраған бұзақы Арманның соққысынан бүк түсті. Орнынан сүйретіліп зорға тұрған әлгі жігіт бұларды балағаттаған күйі сыртқа қарай жүргізген.

Самат қалтыраған дауыспен: – Айналайындар-ай, қойсандаршы. Түлей тайғада бәрімізді бауыздап кетер. Бала-шағаға аман-есен жетсек, – дейді қыламысырап.

Осы мезетте үлкен залдың әшекейлі есігі айқара ашылып, оннен сом тұлғалы төрт-бес адам кіріп келді. Топтың алдындағы жігіттің ірілігі соншалықты, бойшаң саналатын Арман оның жанында кішкене баладай көрінген. Жігіттің салмағынан қара жер теңселгендей. Шайқала басқан кейпі тым айбарлы. Дәудің темірдей бұлшық еті, шойындай жұдырығына көзі түскенде бұлардың зәре-құты қалмады.

Іле-шала Саматтың: – Арман, Нұртай, Нұртай өлдік! – деген даусы құлақты жарып өтті.

Дәу кілт тоқтады. Өңін таңданыс билеген күйі шала қазақшалап Саматқа:

– Сен, ким? – дегені.

Оның үнінен жақын тартқан сезім байқалды. Жанарынан жасы сорағалаған Самат:

– Айналайын-ай! Біз – қазақпыз, қазақтармыз. Алматы. Қызылорда, – деп асып-сасып, бір-біріне байланыссыз сөздерді шұбырта жөнелді. Мәссаған...

– Мен – қазақ. Қызылорда! – деп күлген дәу добадай саусағымен өзінің кеудесін түртті. Бұлар бейнебір түс көріп тұрғандай күй кешті.

– Давай, Қолян. Их убит мало! Зарежу! – деп ұмтыла берген китарды дәу желкесінен ұстап, тік көтерген қалпы бұрышқа қарай лақтырып жіберді. Мұны көрген қалған серіктері қасқыр көрген қойша үркіп, безіп кетті.

Бар білетін қазақшасы таусылған дәу енді орысшаға көшті. Аз-кем тілдескеннен кейін ол бәрін үйіне қонаққа шақырды. Бұлар үнсіз келіскен. Тайғада жиі кездесетін жалғыз аяқ жолмен тізбектеле ұзақ жүріп, шағын үйдің жанына тоқтады. Сібірліктердің дәстүрінен шеге қағылмай, бөренеден киноластырып қарағайдан салынған үйдің ауласында зор денелі, қалың сақал-мұрты кең кеудесін жапқан қара шал тұр.

1943 жылы ұрыс даласында ауыр жақарағанып, тұтқынға түстім. Көрмеген қорлығым қалмады. Лагерден-лагерге ауысып, кіріптарлықтың зарын тарттым. Жыл өте күзетшіні өлтіріп, қашып шықтым. Орман кезіп жүріп партизандарға қосылдым. Алуан сынақтан өттім. Қиналдым, бірақ жа-сығаным жоқ. Батылдығыммен ауызға іліктім. Қатардағы жауынгерден отряд комиссарлығына дейін көтерілдім. Ке-ңес әскерлерімен қауышқаннан кейін бізді армия қатарынан босатты. Көп ұзамай елге оралдым.

Жалғыз жанашырым – көкем со-ғыста қаза тапты. Өзге жақын-жуық менде жоқ еді. Отау құрғалы жүр-тімде НКВД-ның қармағына түстім. Бір түнде ұстап, қалаға алып келді. Немістердің тұтқынында болғандар-ды қатты қудалағанын естіген болар-сындар. Фашистердің айуандығынан «қызыл жағалылардың» қаталдығы кем түспеді. Тергеу-тексеріп «Отанын сатқан опасы» деген саяси айып тақты. Он жылға кесіп, Сібірге айдады. Олардың айтуынша, қолға тірілей түскенше атылып өлуім қажет екен. Менің жасаған еріліктерім үш орден, медальдарым еспі емес. Лагерде жү-ріп тағы да пәлеге ұшырадым. Түр-меде бәріне айтқанын жүргізетін бір озбыр болды. Өзі де түрінен жан шо-шитын еңгезердей, жүн-жүн неме еді. «Ерден ердің қауіп бар» демекші, оған жақындамауға тырысатынмын. Бай-ғұсты қан тартты ма, бірде еш себепсіз маған тиісті. Әрі-бері байланысым келмеген. Ақыры шыдамым таусыл-ды. Ынғайын тауып, тамақтың асты-нан алақанымын қырымен періп жібердім. Жалп ете құлап, үнсіз қалды. Өңеші үзіліп кетіпті. Бұрынғы жазама 10 жыл қосып, мені күшейтілген ре-жимдегі түрмеге ауыстырды.

Сталин өлгеннен кейін саяси тұт-қындарға тегіс кешірім берілді. Ка-мераластарым босап шыққанда кей-інгі қылмысыма байланысты маған жеңілдік жасалмады. Бұл жағдай мені өмірден қатты түңілдітті. Шынымды айтсам, бойымда аяушылық сезімі жоғалып, қасқырға айнала бастадым.

«Қандай кіном бар, неге опасыз атандым? Не үшін қан төктім, көкем кім үшін опат болды? Қандықойлек жауынгер достарым қайда, маған қол үшін берер бірде-бір адам болмағаны ма?» деген сан сұрақ жанымды жегідей жейтін.

Қалың ойдың шырмауында жатып, қалғып кетіпмін. Түсімде қасіетінен айналайын туған даламды, Сырда-риямды көрдім. Көкем екеуіміз шо-мылып жүр екенбіз деймін. Мен асау ағын ортасына беттесем, көкем қо-лымынан ұстап жағаға сүйрейді. Аяқ-астынан дауыл тұртып, мені ағзып ала жөнелсің. Жәндәрменмен жаға-лауға құлаш ұрдым. Енді өлдім де-генде көкем белімен ұстап жиекке шығарды. Өзі болса даряны кешіп көзден таса болды. «Көкелеп!» шыр-қыраған даусымнан шошып ояндым. Іштей күбірлеп, жақсылыққа жоры-дым.

Таңсәріден түрме іші қарбалас қимылға толды. Сотталғандардың тізімін мұқият тексеріп, төсек-орын-дар қайта жанартылды. Шамасы ко-миссия келетін тәртізді. Түскі тамақ алдында әр отрядты сапқа тұрғызып түгелдеу басталды. Көп кешікпей кеңседен шыққан шоғыр бізге қарай аяндады. Топ басындағы кеудесінде батырдың «Алтын Жұлдыз» жарқы-раған зерлі погонды генерал тым сұсты-ақ. Жайшылықта манғаз кө-рінетін түрме бастығында жан жоқ. Жас балаша елпендеп жүгіріп жүр. Мен өз отрядымның алдығын қатарында тұрғанмын. Дік-дік басып жа-нымыздан өте берген генерал қалт тоқтады. Бұрылып келіп, аты-жөнімді сұрады. Тәртіп бойынша статьямы, кесілген жылымды мәлімдедім. Қад-ла қарағанымда оның жанарынан ауыр мұңды анғардым. Сол сәтте өзім де іштей жылап тұр едім.

Бұл генерал менің бұрынғы ба-талыон командирім Иван Сергеев бо-латын. Қарулас серігімнің арқасында түрмеден босадым. Кейін генералдың қарындасы Қлаваға үйлендім. Перзент сүйдім. Қиындықтың бәрі артта қал-ды. Десе де, туған жеріме деген са-ғынышым сөйлеген емес. Елге оралуға сан рет талшындым. Бірақ көкейімнен қорқыныш кетпей қойды. Әбден жұ-регім шайқалып қалыпты. Жас ұл-ғайы. Кемпірім дүние салды. Алла жазып сендермен жүздіестім. Енді өлсем де арманым жоқ. Мына жал-ғызымды көкейімді құрметіне Нұртай атағанмын. Бұрын ел-жұрттан бө-лек өскендігіне қамығатынмын. Тә-ңірге мың да шүкір. Өзінің жалғыз еместігін, іргелі жұрты барын ұқты. Есін білгеннен «Отаның – Қазақстан. Қызылорданың азаматысың» дегенді зердесіне құя бердім. Ана тілін біл-мегенімен, туған ұлтын ұмытпасын. Енді өзі де сендерден хабарын үзбес. Пейіл-ниеті еліне арналар. Өкесін құр-меттесе, кең даласын жадында тұтар» деп егілген қарияға бұлар да қосыла толқыды.

Ертеніне елге бет алғандарды Ер-тай ақсақал әулетімен шығарып салды. Желмен тербелген тал-теректің жапы-рағы алыстағы жерлестеріне олардың сәлемін жолдаған сынды. Төңірек ал-тын түске боялғандай жарқырап тұр. Бәлкім, Сібірдің нуы сағыныштан сар-ғайған шығар.

Арманның бүгін теледидардан көр-ген адамы Сібірдегі қандас бауыры Нұртай Баспаков болатын.

Жұмабек ТАБИБАЕВ,
«Сыр бойы»,
Қазалы ауданы



ҒҰМЫРЫ ТАҒЫЛЫМҒА ТҮНҒАН ТҮЛҒА

Ел тарихында екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті жайлы көптеген деректер бар. Айталық, сол соғыста миллиондаған адамның қаза болғанын ойласақ, санамызды суық ызғар қарып өтеді.

Халықтың қажыр-қайратының арқасында киын-қыстау күндер артта қалды. Жеңіс туы желбіреп, бейбіт күн орнады. Соғыстан оралған майдангерлерге елдің құрметі ерекше еді.

Ел қорғау жолында екінші дүниежүзілік соғысқа өз еркімен аттанды. Майданның алғы шебінде жүріп, Ржев, Смоленск, Тула, Могилев, Ворошиловград қалаларын азат етуге қатысты.

Ол 1912 жылы Қазалы топырағында дүниеге келді. Жастайынан ата-анадан жетім қалып, балалар үйінде тәрбиеленді. Ес білген шағында елді жайлаған аштық зұлматын көзімен көріп, басынан өткерді.

Ол кісі туралы жазылған естеліктерге көз салсақ, осындай оқ пен оттың ортасында жүріп, жалында қалған оқыс оқиғаларды қойын дәптеріне түсіріп қояды екен.

Сүлеймен Сейітов соғыстан кейін «Ленин жолы» облыстық газетін басқарып, кейін 1951-1954 жылдары Мәскеудегі Жоғары партия мектебінде оқыған.

Ол 1912 жылы Қазалы топырағында дүниеге келді. Жастайынан ата-анадан жетім қалып, балалар үйінде тәрбиеленді. Ес білген шағында елді жайлаған аштық зұлматын көзімен көріп, басынан өткерді.

Ол кісі туралы жазылған естеліктерге көз салсақ, осындай оқ пен оттың ортасында жүріп, жалында қалған оқыс оқиғаларды қойын дәптеріне түсіріп қояды екен.

Сүлеймен Сейітов соғыстан кейін «Ленин жолы» облыстық газетін басқарып, кейін 1951-1954 жылдары Мәскеудегі Жоғары партия мектебінде оқыған.

Жас жігіттің арманы – қалаған мамандығын игеріп, халқына адал қызмет ету. Алайда оның алдында әлі талай тағдырлы сәттер күтіп тұрған еді.

Ол кісі туралы жазылған естеліктерге көз салсақ, осындай оқ пен оттың ортасында жүріп, жалында қалған оқыс оқиғаларды қойын дәптеріне түсіріп қояды екен.

Сүлеймен Сейітов соғыстан кейін «Ленин жолы» облыстық газетін басқарып, кейін 1951-1954 жылдары Мәскеудегі Жоғары партия мектебінде оқыған.

Жас жігіттің арманы – қалаған мамандығын игеріп, халқына адал қызмет ету. Алайда оның алдында әлі талай тағдырлы сәттер күтіп тұрған еді.

Ол кісі туралы жазылған естеліктерге көз салсақ, осындай оқ пен оттың ортасында жүріп, жалында қалған оқыс оқиғаларды қойын дәптеріне түсіріп қояды екен.

Сүлеймен Сейітов соғыстан кейін «Ленин жолы» облыстық газетін басқарып, кейін 1951-1954 жылдары Мәскеудегі Жоғары партия мектебінде оқыған.

ҚАН МАЙДАННЫҢ ҚАҺАРМАНЫ

«Мен атқыш болып қызмет атқарған 19-гвардиялық Сиваш атындағы корпустың танк полкі 1945 жылдың ақпан айында эшелонмен Германия жеріне қарай қозғалды. Мемлекеттік шекарадан өткен соң күндіз орманның ішінде демалып, түнде жүріп отырдық. Осы мардымсыз жүріспен сәуір айының басында Одер өзенінің жағасына жетіп, III Украина майданының құрамында шеп құрып тұрдық.»



«Сыр бойы» орденінің иегері, Халық ағарту ісінің озық қызметкері және КСРО оқу-ағарту ісінің озығы Мәткәрім Досжановтың естеліктерінің бірі еді.

Біз өзеннің жағасынан 500 метрдей қашықта орналастық. Өзеннің жағасы көкөрай шалғын, қалың орман. Арнасы жарты шақырым келеді. Арғы жағына неміс армиясы, бергі жағына біздің армиямыз орналасты.

Төрт жыл бойы шыбын жанын шүберекке түйіп, өлім мен өмірдің арасында жүрсе де Жеңіс туының желбірейтініне ешбір күдіктенбеген. «Жеңіс» деген қуанышты хабарды Берлиннің түбінде естіген сәтте шаттыққа бөленген қарапайым солдаттың көңіл толқынысын сөзбен жеткізу мүмкін емес еді.

Ол 1924 жылдың көктемінде Жаңақорған ауданы «Бесарық» ауылдық кеңесіне қарасты «Ақтас» (мешіті) елді мекенінде дүниеге келген.

Бір күндері түнде самолеттерді бақылайтын, жарық шашатын құралдарды тасып әкеліп, арақашықтығын бір-бірінен 20-30 метр шамасындай етіп орналастыра бастады.

Төрт жыл бойы шыбын жанын шүберекке түйіп, өлім мен өмірдің арасында жүрсе де Жеңіс туының желбірейтініне ешбір күдіктенбеген. «Жеңіс» деген қуанышты хабарды Берлиннің түбінде естіген сәтте шаттыққа бөленген қарапайым солдаттың көңіл толқынысын сөзбен жеткізу мүмкін емес еді.

Бейбіт күнде ұлағатты ұстаз атанды. Ұстаздық жолын Жаңақорған ауданындағы «Жайылма» жетіжылдық мектебіне әскери жетекші және соғыс ісі пәнінің мұғалімі болып бастап, бертін келе «Детдом» жанындағы жетіжылдық мектептің оқу ісі жөніндегі менгерушісі, №165 «Тақыр-көл» жетіжылдық мектебінің директоры болған.

Біздің жақ алдағы шайқасқа орасан зор даярлық жасап жатқанын көзіміз көріп отырдық. Одер өзенінің біз тұрған жағалауы Берлиннен 60 шақырым, бір қиылдасқан жетіп баратын жер. Минометтен, катюшадан үздіксіз оқ жаудырып тұрады.

Сонымен төрт жылға созылған Отанымыздың миллиондаған боздағының өмірін жалмаған алапат соғыс Жеңіспен аяқталып, аман қалғандар елге қайта бастады. Мен де соғыста үш рет жеңіліп, бір рет контузия алған ауыр жарақатым болған себептен елге қайтыпым.

Бейбіт күнде ұлағатты ұстаз атанды. Ұстаздық жолын Жаңақорған ауданындағы «Жайылма» жетіжылдық мектебіне әскери жетекші және соғыс ісі пәнінің мұғалімі болып бастап, бертін келе «Детдом» жанындағы жетіжылдық мектептің оқу ісі жөніндегі менгерушісі, №165 «Тақыр-көл» жетіжылдық мектебінің директоры болған.

Кеш болды, қараңғылық орнаған соң алдыңғы шепке әкеліп қойған жарық беретін құралдарды жағып жерберді де, шабуылды бастады. Күндізгідей көріп отырмыз, ал немістер жағы жарыққа көздері шағылысып көрмей, далаға атып жатыр.

Бұл қан майданда Отан үшін қан төгіп, бейбіт өмірде оқу-ағарту ісіне үлес қосқан қайраткер, III дәрежелі «Даңқ», «Қызыл Жұлдыз», «I дәрежелі Ұлы Отан со-

қовник әскери шенінде оралған Сүлеймен Сейітов өзін қарымды қаламгер ретінде танытып, Қазақстанның үш өңірінде – Ақтөбе, Ақмола және Қызылорда облыстық газеттерін басқарды. Зейнетке шыққаннан кейін де облыстың қоғамдық өміріне белсене араласты.

Майдангердің ұлы Смағұл Сейітовтің естелігінде әкесі көп сөйлемейтін, қатал мінезді адам болғаны айтылады. Тек қызметте емес, отбасында да темірдей тәртіпті талап етеді екен. Соғыс басталған кезде 30 жастағы Сүлеймен Сейітов майданға жіберетін соғыс күштерін жасақтап жүргенде медициналық техникумда оқытын 16 жастағы Елена Өтемісовамен жолыққан.

Майдандағы С.Сейітовті Елена жеті жыл бойы күтіп, елге оралған соң шаңырақ құрады. Олар елу жылдан астам бірге ғұмыр кешіп, бес бала өмірге әкеліп, алғашқы перзенттерінен немере-шөбере сүйеді. Сүйегі асыл қария 90 жасына дейін көлік жүргізіп, газет-журнал оқып, теледидар қарайтын болған.

Ол – әскери қызметке қалтқысыз атқарып, полк комиссары, подполковник, яғни, сол екінші дүниежүзілік соғыстан ең жоғары әскери шенмен оралған азаматтардың бірі де бірегейі. Соғыстағы ерлігі, бейбіт өмірдегі белсенді еңбегі, қоғамдағы, партия саласында атқарған абыройлы қызметі өз деңгейінде бағаланды.

Фибратқа толы ғұмыр кешіп, ғасыр бағын аралаған абыз ақсақал Сүлеймен Сейітов Ұлы Жеңістің 66 жылдығын қарсы алып, аймақ халқының алдында жүз жасқа толған мерейтойын тойлап, лайықты сый-құрметке ие болды.

Ғазиға ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

ҚАЗЫБАЙ ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ



Сыр жұртшылығы орны толмас қазаға душар болды.

4 мамыр күні 82 жасында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ардагерлер кеңесінің төрағасы, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Білім беру ісінің Құрметті қызметкері, «Парасат» орденінің иегері Қазыбай Құдайбергенұлы дүниеден озды.

Қазыбай Құдайбергенұлы 1942 жылы 15 наурызда Сырдария ауданы «Шіркейлi» ауылында дүниеге келген.

Еңбек жолын целлюлоза-картон комбинатының құрылысында бетон құюшы болып бастаған. Әскери борышын өтеген соң, қазіргі әл-Фараби атындағы (бұрынғы С.М.Киров) ұлттық университеттің тарих факультетін үздік бітірген.

1977 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты саяси экономика кафедрасының аспирантурасын бітіріп, 1981 жылы Украина ғылым академиясы экономика институтының ғылыми кеңесінде кандидаттық диссертациясын қорғаған.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде кафедра меңгерушісі, факультет деканы, проректор, ректордың кеңесшісі болып жемісті еңбек етті. Қоғамдық ұйымдарды да басқарды.

Педагогикалық білім беру Халықаралық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (ПФ). 200-ден аса ғылыми мақалалардың, монографиялар мен оқу құралдарының авторы атанды.


Қазыбай Құдайбергенұлы Сыр өңірінің жоғары білім саласының өсіп-өркендеуі мен рухани-мәдени дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Ерен еңбегінің нәтижесінде «Парасат» ордені, «Ерен еңбегі үшін» медалі және басқа да салалық, мерекелік медальдар мен марапаттарға ие болды.

Болмысы биік, парасатты тұлғаның жарқын бейнесі Сыр жұртшылығының жадында мәңгі сақталады.

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, облыстық қоғамдық кеңес, облыстық ардагерлер кеңесі

Бақұл бол, абыз ақсақал



деканы, проректор, университет ректорларының кеңесшісі болып жемісті еңбек етті.

Мамандығын жетілдіру мақсатында екі институтты (Таш ГУ, Қаз ГУ) тәмамдаған. Университет жанындағы «Тарих, филология және өнер ғылыми зерттеу» институтының директоры қызметін атқарған. Аталған еңбектері бағаланып, оның есіміне университет ғылыми Кеңесінің шешімімен арнайы дәрісхана берілді.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Ардагерлер кеңесінің төрағасы, профессор, экономика ғылымдарының кандидаты Қазыбай Құдайбергенұлы ақтық сапарға аттанды.

Қазыбай Құдайбергенұлы 1942 жылы 15 наурызда Сырдария ауданы «Шіркейлi» ауылында дүниеге келген. Целлюлоза-картон комбинатының құрылысында бетон құюшы болып еңбек жолын бастаған. Әл-Фараби атындағы (бұрынғы С.М.Киров) ұлттық университетінің тарих факультетін үздік бітірген.

Ардақты ардагер өмірінің соңғы жылдарында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ардагерлер кеңесінің төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблеясы облыстық қоғамдық кеңесінің мүшесі болды. Абыз ақсақал аймақтың қоғамдық-саяси іс-шараларына белсене араласты. Ұрпақ тәрбиелеп, өнегелі әулеттің атасы болды.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы марқұм Қазыбай Құдайбергенұлының отбасы мен жақандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл қосып білдіреді.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Қосбергенов Мурат Қайратбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2023 жылдың 27 қарашасында қайтыс болған азамат Құрақбай Жолдасбек Мұханбетұлының атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басымдыларына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, облыстық ардагерлер кеңесі, облыстық қоғамдық кеңес Қызылорда облысының және Арал ауданының Құрметті азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері, еңбек ардагері Құдайберген Саржановқа жұдбайы

Қуанған Саржанованың

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

/// КӘСІП

«Шаш сәндеу, киім тігу – әйелдің жұмысы, ол еркекке қол емес» деген сірескен тіркестің дәурені өткен. Ұнатқан тірлігімен айналысу жынысына қарамай кез келген адамға жарасса керек. Біздің бүгінгі қос кейіпкеріміз көңіліне жаққан кәсіптің арқасында тұтынушының да ойынан шығып, табыс та тауып жүр.



ШАШ СӘНДЕП, КИІМ ТІГЕТІН ЖІГІТТЕР

28 жастағы қызылордалық һагі стилист Абылайхан Жұмағұл қыз-келіншектер қауымына Або-ня есімімен жақсы таныс. Ол сегіз жылдан бері 25 мыңдай адамның түрленгеніне куә болды. Кейіпкеріміз бала күнінде биші болуды армандапты.

– 9 сыныптан соң колледжде оқыдым. Оны бітіргесін жұмыс таппай біраз жүрдім. Кейін хореограф мамандығы бойынша мемлекеттік грантпен оқуға түстім. Бірақ биге қызығушылығым басылып қалды. Оның үстіне өте ұялшақ едім. Бір жылдан кейін оқудан шығып, ауылға қайттым. Өзім сияқты жас жігіттердің шаш-тараз боп жүргенін әлеуметтік желіден көріп, ынтам оянды. Ауылда қара жұмыс істеп тапқан ақшамды оқуға жұмсап, жұмысқа орналастым, – деді ол.

Тәжірибе жоқ, жұмысты енді бастаған кезде оңайлықпен клиент таба қоймайтын шебердің қазір бос уақыты жоқ. Ай сайын шамамен 250-300 нәзік жандының шашын сәндеп, алғысын алады.

– Әйел адамдар шашын көбіне үйде өздері бояп алады. Күтім болмағасын шаш ерте ағаралы. Сол кезде ғана бізге келеді. Ондай шашты қалпына келтірудің машақаты көп, ұзақ уақыт алады, – деді Абылайхан Жұмағұл.

Кейіпкеріміз ең қымыз – шаш бояу, онда да клиенттің ойындағы түске келтіру екенін жеткізді. Оған 4-5 сағатын сарп етеді.

– Көп адам салонға келгенге дейінгі және келгеннен кейінгі түрін көріп, көзі жайнап кетеді. Мен өзімді өзім мақтап, клиенттен бетер риза боламын, – деді шаш сәндеу шебері.

Ол біраз уақыт бұрын өз күшімен жеке сән салонын ашты. Бұрыннан үйренген клиенттері шеберді енді сонда іздеп барып жүр.

Ал ине-жіпке жақын жігіттердің бірі – Нұрғиса Назар, жасы небәрі 24-те. Кейіпкеріміздің тігін өнеріне қызығушылығын оятқан нағашы әжесі.

Оның тігін машинасын зырылдатып отыратынын көрген бала Нұрғиса үшін есейген соң өз бағытын табу қиын болмаған сияқты. Қызылордадағы колледждердің бірінен дизайнер мамандығын менгеріп шықты. Хас шеберлерден дәріс алып, өзін шындай түсті. Бүгінде стилист маман. Негізгі жұмысынан босағанда тігін машинасын тізгіндейді. Жас та болса жетістіктері бір төбе.

– «Кәмшат» ательесінен тағлымдамадан өтіп, «Торғын киіз» коллекциясын жарыққа шығардык. Бұл – «Сән мен сахна» байқауында жеңіске жеткен топтамалардың бірі. Қолөнер орталығында «Aspara Fashion Week» коллекциясына арналған стилист маман ретінде топтамамен жұмыс істедім. «Raffine» ательесімен бірге «Қазақ аруы» байқауының өңірлік «Сыр аруы» байқауында қатысушыларға арнайы образдар дайындадық. Ал осы жылы «Сыр аруы» байқауына арнап тігілген «Urban Nomads» немесе «Қала көшпенділері» топтамасын шығардым», – деді ол.

Әйтсе де, өзі үшін ең қымбаты анасын мен әжесіне арнап тіккен көйлектер деп есептейді.

– Анама трапеция пішіндес көйлек тігіп бергенмін. Жәніне інжу тас түріндегі түйме тағыл-

ған. Анамның есімі – Маржан, сол себепті інжу-маржан түйме іздедім. Сол көйлек әлі бар. Жүрген жерінде «балам тігіп берген» деп айтып жүреді. Жазғы штапель көйлек тігіп бергенімде әжем де балаша қуанған, – деді кейіпкеріміз.

Сыныптасы әрі группаласының ұзату тойына арнап тіккен көйлегі мен кәжекей-қамзолы да бойжеткеннің өміріндегі ең үлкен сый еді. Ол Нұрғисаның кәсіптің жолындағы өте маңызды жобаның бірі болды. Бірақ әлі күнге дейін өзіне арнап киім тікпейті. Енді осы олқылықтың орнын толтырғысы келеді.

– Жалпы менің стилім сахналық киімдерге келмейді. Концептуалды «Street style» үлгісімен образ жасаймын. Бірегей жобалар жөнінде ұсыныс түссе, қарастыруға дайынмын, – деді стилист.

Киімнің бастан-аяқ дайын болуы оның күрделілігіне байланысты. Кейде бір аптаға созылады, кейде шабытпен бір күнде аяқталатын жұмыстар болады. Ал барынша үлкен жылдамдықпен тігу 2-3 күн уақыт алады.

– Тігін процесі үйде, шеберхана ретінде құрылған бөлмеде өтеді. Тігін тігуде жарықтың маңызы өте үлкен. Сол себепті арнайы жарықпен жабдықталған бөлмеде ойымдағы туындыларды жүзеге асырумен айналысамын. Қазіргі күні цех секілді масштабқа ұмтылып жатырмын, – деді кейіпкеріміз.

Назерке САНИЗОВА,
«Сыр бойы»

/// БАЙҚАУ

«Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» республикалық байқауын ұйымдастыру және өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» республикалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу ережесі байқауға қатысу және жеңімпазды, жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

2. Байқаудың мақсаты қазақстандықтардың бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ету, мемлекеттік тілдегі жарнама мәтінін сауатты ресімдеу жолдарын насихаттау, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңы талаптарының орындалуын қалағалау жұмыстарына атсалысу, белсенділік танытып жүрген азаматтарға қолдау көрсету, ынталандыру.

Байқау өткізудің міндеті республика, облыс аумағында, БАҚ-та (радио (аудиоарнама), телеарна (бейнежарнама), баспа) және әлеуметтік желілерде жарияланатын республиканың квазимемлекеттік секторының, кәсіпкерлік (шағын және орта бизнес) субъектілерінің (облыстық, қалалық филиалдары) жарнама мәтінін әзірлейтін копирайтерлері мен мемлекеттік тілге аударма жасайтын мамандарды ынталандыру.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті (бұдан әрі – Комитет) Байқауды ұйымдастырушы болып табылады.

4. Байқау аясында қоғаммен, квазимемлекеттік сектормен, жергілікті жерлердегі кәсіпкерлік (шағын және орта бизнес) субъектілерімен байланыс орнатады.

5. Байқауға қатысушылардың жұ-

мысын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін қазылар алқасы құрылады.

Қазылар алқасының құрамын Комитет анықтайды.

Қазылар алқасының құрамына кемінде үш адамнан тұратын филолог-ғалымдар, қоғам қайраткерлері, журналистер кіреді.

6. Қазылар алқасының мүшелері Байқауға қатысушылардан түскен материалдар негізінде ашық дауыс беру арқылы Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды.

Қазылар алқасы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

7. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде ресімделеді және оған қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды.

3. Байқауға қатысу тәртібі

8. Байқауға заңды тұлғалардың мемлекеттік тілде жарнама мәтінін әзірлейтін копирайтерлері және мемлекеттік тілге аударма жасайтын мамандары (кәсіпшарт бойынша және т.б.) қатыса алады.

9. Байқауға қатысушылар:

- 1) осы ережеге қосымша берілген нысанда Байқауға қатысуға өтінімді;
- 2) 2023 жылғы қыркүйектен кейінгі мерзімде әзірленген және аударған жарнама мәтіндерін тізбесін;
- 3) қазақ тілінде әзірленген және қазақ тіліне аударған жарнама, бейнежарнама, аудиоарнама мәтіндерінің жарияланған орындарын дәлелдейтін құжаттарды (БАҚ беттеріндегі, әлеуметтік желілердегі жарнамалар, телеарна мен радио атауы, фотосурет, баннер, билборд, ситинг, скриншот, келісілген жарнама үлгілері және т.б.) жолдауы керек.
- 4) Байқауға қатысу үшін өтінім Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасына 2024 жылғы 1 шілдеге дейін тапсырылуы қажет.

басқармасына 2024 жылғы 1 шілдеге дейін тапсырылуы қажет.

4. Байқау қорытындысы туралы

10. Байқау жеңімпазы мен жүлдегерлері арнайы дипломдар, алғысхаттар және Комитет бекіткен жүлде қоры мөлшерінде қаржылай сыйлықтармен марапатталады.

11. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері туралы ақпарат Байқау өткеннен кейін 10 күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Комитеттің интернет-ресурсына, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларына орналастырылады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі №1. Облыстық мекемелер үйі, Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы, 317 кабинет.

Байланыс телефондары: 8 (7242) 60-53-14, 60-53-15. +7 7774994038, +7 7019064337.

«Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» республикалық байқауын ұйымдастыру және өткізу ережесіне қосымша нысан

«Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» республикалық байқауына қатысуға өтінім

1. Т.А.Ә.
 2. Жасы
 3. Білімі
 4. Қызметі
 5. Мекен-жайы
 6. Байланыс телефондары
 7. Қосымша ақпарат
- Қолы
Күні

ОЛИМПИАДАҒА Қызылордадан кімдер барады?



Қамшыбекке үлкен үміт артамыз

Қызылордалық спортшылар 2008 жылдан бері Жазғы Олимпиада ойындарына қатысуға мүмкіндік алды. Қазірге дейін қазақстандықтар барлығы 71 медаль еншілеген. Оның 14-і – алтын, 21-і – күміс, 36-сы – қола. Олардың арасынан былғары қолғап шеберлерінің жеңіс тұғырынан көрінгені көп жайды айғайтады. 2012 жылы қызылордалық Марина Вольнова (75 келі) әйелдер боксында қола жүлдеге қол созды. Ал 2020 жылы Қамшыбек Қоңқабаев (91 келі) үздік үштікті түйіндеді. Оған қоса 2016 жылы ауыр атлетикадан жерлесіміз Александр Зайчиковтің (105 келден жоғары) күміс жүлдесіне қуана қол соққан едік. Сондай-ақ облыстан дзюдошы Жанар Жанзұнова, таэквандошы Айнуір Есберенова, гандболдан ұлттық құрама сапында қызылордалық спортшылардың ел намысын қорғап қайтқанын әлі ұмыта қойған жоқпыз. Барлығы жарыс барысында жоғары нәтижеге қол жеткізуге тырысты. Сондықтан әрбір саңлақтың жетістігін лайықты бағалаймыз.

Олардың көпшілігі қазір үлкен спорттан қол үзіп кетті. Кейінгі жылдары Қазақстан боксында өз орнын еншілеп үлгерген гүрзі жүдырықты Қамшыбек Қоңқабаев алдағы аламанда да сынга түсуге тастүйін дайындығын жасап отыр. Олимпиада жолдамасына былтыр Азия ойындарында қол жеткізіп үлгерген ол бұдан бұрынғы олқылықтың орнын толтырып, жетістігінен көрінуге күш салмақшы.

Әрине, қазір әлемде бокс ерекше дамып келеді. Бұрын тек ұпай таратып келген мемлекеттердің өзі ешкімнен қаймықпайтын тәжірибелі былғары қолғап шеберлерін тәрбиелеп шықты. Қай салмақта да жүлдеге талас қарғында жүреді. 2020 жылы біз Қамшыбек финалда дейін қиналмай жетеді деп болжам жасаған едік. Ол ойламаған жерден жартылай финалда АҚШ спортшысы Ричард Торреске есе жіберіп қойды.

Ендігі кезекте жерлесіміз сол олқылықтың орнын толтырып, жанкүйерлерді жоғары жетістігімен қуантады деген сенімдеміз. Оған барлық мүмкіндігі бар. Тәжірибесі толысқан Қамшыбекті білікті мамандар өз салмағында чемпиондықтан үміткер ретінде санайды. Әрине, Олимпиадаға шеберлігі шыңдалған спортшылар қатысатынын ескерсек, оған әрбірі жоғары дайындықпен келгені жөн. Қазір Қамшыбектің сол мақсатта тынбай тер төгіп жүрген жайы бар.

Күрес түрлерінен қанша жолдама бар?

Кейінгі жылдары грек-рим күресінен қызылордалық балуандар жоғары нәтижесімен қуанып жүр. Олардың қатарында Олжас Сырлыбай (97 келі) және Айдос Сұлтанғали (60 келі) бар. Екеуі ұлттық құрама сапында талай бәсекеді бақ сынап, ел мерейін тасытты. Білікті мамандар қос балуанның алдағы жазда Париж төрінде Қазақстан намысын қорғауына барлық мүмкіндігі бар екенін айтады. Сондықтан олар жақында Қырғызстан астанасы Бішкек қаласында өткен Азия құрлығы бойынша лицензиялық турнирде өз салмағы жөнінде жолдамаға таласты.

Жарыс барысында Айдос Сұлтанғали көздеген мақсатына жетті. Бұл жерлесіміздің өз мансабындағы тұңғыш Олимпиадасы болмақ. Ересектер арасындағы ең ірі жүлдесін 2018 жылдан бастап алса да, Айдостың сол кезеңдегі дүбірлі додаға жолы түскен жоқ. 2021 жылы Азия чемпионатында топ жарған еді. Соған қарамастан Токио ойындарына ел құрамынан Мейрамбек Айнағұлов аттанды. Арада үш жыл өткенде Айдос басты арманына қол жеткізді. Жаңдай терімен Олимпиадаға бару құқығын жеңіп алды.

– Күресіп жүргеніме қанша жыл болса да, түбі Олимпиадаға баратыныма шын сенген едім. Бұл – менің ғана емес, құрамадағы бапкерлердің, дәрігерлердің, ата-анам мен отбасымын еңбегі. Біз халық алдында жүреміз. Дегенмен қолдап отырған жанардың еңбегі көп көріне бермейді. Сол кісілерге рахмет айтамын, – деді Айдос ағынан жарылып.

1-бет

Газетіміздің келесі саны 11 мамыр, сенбі күні шығады.

Айдос Сұлтанғали 1996 жылы 7 ақпанда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Оған Виктор Юн және Ғабиден Райымбек сынды бапкерлер тәлім береді. Жастар және жасөспірімдер арасындағы түрлі бәсекелерде топ жарған жерлесіміз 2018 жылы Әлем чемпионатында қола медаль алған еді. Сол жетістігін 2022 жылы тағы бір мәрте қайталады. Сондай-ақ оның еншісінде 2021 жылғы Азия чемпионатында алған алтын медаль бар.

Өкініштісі, лицензиялық турнирде Олжас Сырлыбай жарыс жолынан ертерек шығып қалды. Енді ол мамыр айында Түркияның Стамбул қаласында болатын тағы бір жарыста жолдаманы сарапта салады.

Қазақстан күрес түрлері федерациясының қызметкері Аспандияр Есенжолов кейінгі жылдары Сыр өңірінде грек-рим күресі ерекше дамып келе жатқанын атап өтті. Рас, ұлттық құрама сапына ену үшін өзі оңай емес. Оған әбден ысылған, шеберлігі шыңдалған шымырлар қабылданады. Айдос сол жолды абыроймен сәтті өтіп келеді. Ендігі меже – Олимпиада жүлдесі. Бапкерлер одан үлкен үміт күтіп отырғанын жасырмайды. Жерлесіміз күрес түрлерінен жүлделі орындарға қол жеткізуі мүмкін деген саңлақтардың қатарында бар.

– Қырғызстандағы турнирде Айдостың сенімді ойын көрсетуі бапкерлер тарапынан жоғары бағаланды. Бөзкілемде әрбір балуанның белсенділігі, шеберлігі, тәжірибесі таразыланады. Азия құрлығында да осал қарсылас жоқ. Әрбірі жеңісті қолдан бергісі келмейді. Бұл сәтте спортшының бабы келісіп, бағы жанғаны – басты талап. Жарыс барысында Айдостың жауапты сындарға дайындығы жоғары екенін аңғарылады. Ендіше, ол Париж төрінде де дүйім елдің сенімін ақтап, жеңіс тұғырынан көрінеді деген ойдамыз, – дейді А.Есенжолов газет тілшісіне ой-пікірін білдіріп.

Дзюдошылар дүбірлі додаға дайын ба?

Кейінгі жылдары аймақта дзюдо спорты қанатын кең жайып келеді. Ұлттық құрама сапында қызылордалық үш балуан бар. Сыр өңірінде намысын абыроймен қорғап жүрген Мағжан Шамшаддин (60 келі), Абылайхан Жұбаназар (81 келі) және Нұрлыхан Шархан (100 келі) әлемдік сайыстарда жеңіс тұғырынан табылып жүр. Үкілі үмітті үш үздігіміздің де Парижге баруға мүмкіндігі зор.

Қызылордалық бапкер Қален Қалиұлы олардың Жазғы Олимпиадаға баруы үшін алдағы бірқатар жарыстарда ұпай жинауы қажет екенін айтады. Дзюдо ережесімен дүбірлі додаға рейтинг бойынша жолдамалар беріледі.

– Шәкірттеріміздің қазір дайындығы ерекше. Олимпиада жақындаған сайын балуандар сапында болуына бар күшін салып келеді. Қазірге дейін көптеген жарысқа қатысып үлгерді. Онда ұпай қорын молайтып, Парижге бару мүмкіндігін арттыра түсті. Мен олардың барлығына сенемін. Тәжірибесі толыссып, шеберлігі шыңдалды. Ендігі кезекте татами төрінде қажетті ұпай қорын мөлкеті алады деген ойдамын. Негізінде Абылайхан Жұбаназар мен Нұрлыхан Шарханның айтулы аламанда бақ сынау мүмкіндігі жоғары екенін жеткізсек, артық емес. Ал Мағжан Шамшаддиннің салмағында Елдос Сметов және Нұрқанат Серікбаев сынды мықты балуандар бар. Ел құрамының бапкерлері олардың арасынан ең мықтысын іріктеп алады. Алда екі үлкен жарыс бар. Мамыр айының 10-13 аралығында Астана қаласында Grand Slam турнирі болады. Оған Мағжан, Абылайхан, Нұрлыхан – үшеуі де қатысады. Аталған жарыстан кейін Әлем чемпионатында бақ сыйнайтын балуандар тізімі белгілі болады. Әлем чемпионаты 19-24 мамыр аралығында Біріккен Араб Әмірлігінің Абу-Даби қаласында өтеді. Бұл – дзюдошылар үшін Олимпиада алдындағы жарыс, – дейді ол.

Қашанда Олимпиада спорттық жарыстардың ең үлкен шыңы деп бағаланады. Биылғы жылдың басты оқиғасы күн санап жақындап келеді. Айтулы аламанда үміт артқан жастарымыз жоғары биіктен көрінсе дейміз. Жұлдыздар жарқырайтын күн алыс емес.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi_kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті

ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)

«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.